

"Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар мен крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 сәуірдегі N 392 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № 29 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 30.01.2017 № 29 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған "Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар мен крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 26 сәуірдегі
N 392 қаулысымен
бекітілген

"Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар және крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті

1. Жалпы ережелері

1. Осы "Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар және крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті (бұдан әрі - техникалық регламент) ұн тартатын-жарма өнеркәсібі өнімдеріне, крахмалдар және крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне және өмір сүру циклінің процестеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Техникалық регламенттің талаптары кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы бойынша "

Ұнтақталған күріш" 1006 40 000 0 тауар позициясына және "Ұн тарту-жарма өнеркәсібінің өнімдері; мия; крахмалдар; инулин; бидай дәнінің маңызы" 11 тобына жататын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдеріне, крахмалдар мен крахмал өнімдеріне қолданылады.

Техникалық регламент осы Техникалық регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген өнімдерге міндетті қауіпсіздік талаптарын белгілейді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.28 N 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Техникалық регламент балалар және емдеу-алдын алу тағамдарына арналған ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдеріне, крахмалдар мен крахмал өнімдеріне, сондай-ақ жем-шөптік өнімдерге қолданылмайды.

4. Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдар тарапынан талаптар белгіленетін ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар мен крахмал өнімдерінің Қазақстан Республикасының аумағында адам өміріне, денсаулығына, тұтынушылардың мүдделері мен қоршаған ортаны қорғауға әсерінен туындайтын тәуекелдерге мыналар жатады:

1) ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдеріндегі улы элементтердің, микотоксиндердің, пестицидтердің, радионуклидтер мен металлмагнитті қоспалардың болуы;

2) ұн-тарту және жарма өнімдерінің астық қорларының зиянкестермен ластануы мен жұқтыруы;

3) бидай ұны нанының "картоп ауруының" қоздырғыштарымен зақымдануы;

4) ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдеріндегі микробиологиялық көрсеткіштер;

5) ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдеріндегі тағамдық қоспалардың болуы.

5. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіру кезінде мынадай жағдайларда туындайтын барлық ықтимал тәуекелдер ескерілуі тиіс:

1) шикізатты қабылдау және қайта өңдеуге дайындау;

2) жабдықтарды, өндірістік және қойма үй-жайларын дайындау;

3) ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру (шығару), сақтау, тасымалдау және өткізу процестері (сатылары);

4) кәдеге жарату және жою процестері (сатылары).

6. Осы Техникалық регламентті қолдану мақсатында ұн тарту-жарма, өнеркәсібінің өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін сәйкестендіру мынадай негізде жүзеге асырылады:

1) өнімді көзбен көріп тексеру;

2) этикеткадағы, тұтыну ыдысындағы, зат белгідегі, салынба парақтағы мәтін түрінде өніммен бірге берілетін ақпарат;

3) зертханалық бақылау мен сынақтардың деректері (қажетті және төрелік жағдайларда).

Осы Техникалық регламентті қолдану мақсаттарындағы сәйкестендіру әдістері қолданыстағы ұлттық стандарттарға сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735 қаулысымен.

2. Терминдер мен анықтамалар

Осы Техникалық регламентте мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

жылтыратқыш машина - дәннің (тұқымның) бетінен қауыздаудан кейін қалып қойған кебектерді (және ішінара ұрықты) түпкілікті жоюға, сондай-ақ жармаларды белгіленген нысанға (жұмыр, домалақ) және талап етілетін сыртқы пішініне дейін өңдеуге арналған машина;

жем-шөптік астық өнімі - жем-шөптік мақсатқа бағытталатын астық өнімі;

арпа ұны - арпа дәнін тарту нәтижесінде алынатын ұн;

аспирация - өндірістік үй-жайлардан технологиялық жабдықтардың жұмыс істеу процесінде түзілетін шаң мен газдарды жою процесі;

астықтың зиянды қоспалары - адам және жануарлар денсаулығы үшін қауіпті өсімдіктен алынатын қоспа;

бидай ұны - жұмсақ бидайдан немесе құрамындағы қатқыл қоспа 20%-дан аспайтын жұмсақ бидайдан тартылатын нан пісіретін ұн;

құрғақ бидай дәнінің маңызы - нан пісіру өндірісінде жақсартқыш ретінде қолданылатын, астықты қайта өңдеудің ұнтақ түріндегі өнімі;

бункер - сусымалы материалдарды қысқа мерзімді сақтауға және

—
гравитациялық түсіруге арналған ыдыс, оның тік бөлігі $1,5\sqrt{F}$ -тен

артпайды, бұл жерде F - бункердің жоспардағы көлденең кесіндісінің алаңы;

білікті станок - дән ұсатуға арналған станок, оның жұмыс органдары беттері бұдыр немесе кедір-бұдыр және түрлі айналма жылдамдықпен бір-біріне қарсы айналатын көлденең орналасқан екі цилиндр білік болып табылады;

дайын өнімді түйю - дайын өнімді түйю бөлімшесіндегі бункерлерден тұтынушылық ыдысқа буып-түйю немесе қаптаусыз беру;

дақылдың жанышталған дәні - дән жаныштағыш білдектен өткізілген дақылдар дәндері;

дән қоспасы - техникалық талаптарға (ГОСТқа, ұйым стандартына) сәйкес негізгі астыққа және арамшөп қоспасына жатпайтын кетілген, үгілген, өніп кеткен, жемірілген немесе бүлінген дән;

дән бастыру машинасы - дәннің қауызын (кебектерін) эндоспермнен айыруды жүзеге асыратын сыртқа тепкіш қозғалыстағы машина;

дәнді дақыл - астық тұқымдастарға жататын өсімдік, олардың дәндері (бидай, кара бидай, арпа, сұлы, жүгері, күріш, тары) адамдарды тамақтандыру үшін және мал азығы үшін кеңінен қолданылады;

дәнді сулап қауызынан айыруға арналған машина - астықты ылғалдау және қауызынан ішінара тазарту үшін қолданылатын машина;

дәнді-бұршақты дақылдар - өндірісте кеңінен баптап-өсірілетін бұршақ тұқымдастарға жататын өсімдік;

жарма - жарма дақылдарын (бидай, арпа, сұлы, тары, қарақұмық, күріш) қайта өңдеу өнімдері. Дәннің орталық бөлігінен (өзегінен) гүлшікті үлдірлерін, жеміс және тұқым қабыршықтарын, кейбір жағдайда алейрон қабатын да алып тастау арқылы алынған ірі бөлшектер (мөлшері 1-3 мм) болып табылады;

жарма өнімдері - астықты жармаға қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдер ;

жасыл сірне - кристалды глюкоза өндірісінің қалдығы;

жуу машинасы - астықтың немесе картоптың бетін сулап тазарту және дәнді тарту алдында ылғалдау үшін қолданылатын жабдық;

жүгері ұны - жүгері дәнін тарту нәтижесінде алынатын ұн;

зиянкестер - астық пен астық өнімдерін сақтау және тасымалдау кезінде зақымдап-бүлдіретін және жоятын қамба зиянкестері, жануарлар;

картоп - алқалылар тұқымдастарына жататын түйнекті өсімдік. Адамның тамақтануы, қайта өңдеу өнеркәсібі үшін шикізат ретінде пайдаланылатын түйнектерді алу мақсатында, сондай-ақ мал азығына өсіріледі;

кебектер - ұн шығару процесінде сұрыпталған астық дәнінің жеміс қабықшалары;

көлем мөлшерлегіш - астықтың белгілі көлемін мөлшерлеуге арналған құрылғы;

крахмал - өсімдік жасушаларында крахмал дәндері түрінде жинақталатын және крахмал құрамды шикізатты қайта өңдеу кезінде бөліп алынатын табиғи көмірсутегі;

крахмалды сірне (глюкозалы шырын) - крахмалды ішінара гидролиздеу кезінде алынған түрлі көмірсутек құрамды тазартылған және қоюлатылған шырын;

крахмал-сірне өнімдері - құрамында крахмал бар шикізаттан крахмал мен крахмал өнімдерін шығару нәтижесінде алынған өнім. Крахмал-сірне өнімдеріне

мыналар жатады: крахмал сірнесі, кристалды глюкоза, түрлі көміртегі құрамды шырындар, нативтік және түрлендіріліп-жетілдірілген крахмалдар, декстриндер, крахмал сагосы мен крахмал негізіндегі басқа да өнімдер;

күріш ұны - күріш дәнін тарту нәтижесінде алынатын ұн;

қалдықтар - шикізатты елеуіш, дірілді пневматикалық, магниттік және аспирациялық жабдықтарда тазарту кезінде алынатын, азық-түліктік, жемдік және техникалық мақсаттарда пайдалануға жарамсыз, жойылуға жататын өнімдер (минералдық, металл магниттік, зиянды қоспа мен органикалық шаң);

қалдықтарды бақылау - құрамындағы негізгі дәнге қарай астықты қайта өңдеу қалдықтарын үш санатқа сұрыптау. Бірінші және екінші санаттағы қалдықтарды жем-шөптік мақсатқа пайдаланады, ал үшінші санаттағы қалдықтар жойылуға жатады;

қара бидай ұны - қара бидайды тарту нәтижесінде алынатын нан пісіретін ұн;

қара бидайлы-бидай немесе бидайлы-қара бидай ұны - астық қоспасын мынадай арақатынастарда: қара бидайлы-бидайдан тартылған ұн үшін - қара бидай 60%, бидай 40%; бидайлы-қара бидайдан тартылған ұн үшін - бидай 70% және қара бидай 30% (жол берілетін ауытқу +5%, -5%-дан артпайды) - тарту нәтижесінде алынған нан пісіретін ұн;

қауыздағыш машина - гүлшік қабыршақтарын, дәннің тұқымдық және ұрық кебектерін аршуға арналған машина;

қауыздалған дән - гүлшік қабыршақтарынан, тұқымдық және ұрық кебектерінен арылған дән;

қоюлатылған жүгері сіріндісі - құрамында жүгері дәнінің ерігіш заттары бар, сиретіп қоюлатылған жіпсіме су;

магниттік тосқауылдар - металл-магниттік қоспаларды бөліп шығаруға арналған құрылғылар;

сақтау мерзімі - белгіленген сақтау шарттарын бұзбаған жағдайда тамақ өнімі нормативтік құжаттамада немесе сатып алу-сату шартында көрсетілген өзінің барлық қасиеттерін сақтап қалатын кезең. Сақтау мерзімі өткен кезде өнім тұтынуға жарамды болады, алайда оның тұтынушылық қасиеттері (тұтынушылық құны) төмендеуі мүмкін;

сепаратор - астықты ірі, ұсақ және жеңіл қоспалардан тазартуға арналған астық тазартқыш машина;

соққымен әрекет ету машинасы - өнімді соққымен әсер етудің көмегімен ұсатуға арналған жабдық;

сорго ұны - сорго дәнін тарту нәтижесінде алынатын ұн;

сұлы ұны - сұлы дәнін тарту нәтижесінде алынатын ұн;

тазартқыш машина - түйгіш түріндегі жұмыс органы бар, астықтың бетін шаңнан құрғақ тазартуға, дән қабықшаларын, өскін мен ұрықты ішінара ажырату және алдын ала қауыздауға арналған астық тазартқыш машина;

триер - астықтан негізгі дақылдың дәндеріне қарағанда жуандығы мен ұзындығы бойынша ерекшеленетін қоспаларды бөліп шығаратын астық тазартқыш машина;

түйгіш машина - білікті станоктан кейін дән тартудың аралық өнімдерін қосымша ұсатуға арналған сыртқа тепкіш қозғалыстағы машина;

үн - дәнді тарту кезінде алынатын, бөлшектерінің мөлшері 0,14 мм жұқа ұнтақ өнім;

үн тарту өнімдері - астықты ұнға қайта өңдеу нәтижесінде алынған өнімдер;

ұрық - дәннің (тұқымның) құрамдас бөлігі;

ұсатқыш - қатты материалды ұнтақтылықтың белгілі бір дәрежесіне дейін үгіп-уатуға арналған қондырғы;

қарқынды ылғалдау шнегі - дәнді ылғалдауға арналған транспортер түріндегі жабдық;

үлпек - дәнді қыздырып-кеуектендіру нәтижесінде алынатын астықты қайта өңдеу өнімі;

шаң - ауада тұнған күйде қалқып тұруға қабілетті ұсақ органикалық және органикалық емес қатты бөлшектер;

шикізат пен дайын өнімді сақтау - шикізат пен дайын өнімді олардың сақталуын қамтамасыз ететін жағдайда ұстау;

ысқышты машина - ысқыштар түріндегі жұмыс органы бар, дәннің бетін қауыздар мен шаң-тозаңнан құрғақ тазартуға арналған астық тазартқыш машина;

ірі тартылған ұн - дәннің барлық құрамдас бөліктерін тарту нәтижесінде алынатын ұн;

энтолейтор - астықты залалсыздандыруға арналған машина.

3. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің нарықта айналысының шарттары

7. Нарықта орналастырылған кезде ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

8. Қазақстан Республикасының аумағында айналымға шығарылатын ұн тартатын жарма өнеркәсібі, крахмалдар мен крахмал-сірне өнімдері, осы Техникалық регламенттің 16-бөлімінде белгіленген тәртіппен, осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін міндетті түрде растауға жатады.

9. Ақпаратты тұтынушыға жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында өнім дайындаушы (сатушы) ілеспе құжатта өнімнің осы Техникалық регламенттің

талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтерді көрсетеді және оның сәйкестік сертификаты болады.

4. Шикізат қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

10. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіру (шығару) үшін азық-түлікке арналған астық тұқымдастар мен бұршақты дақылдардың дәндері, сондай-ақ қосымша крахмал-сірне өнімдерін өндіруге (шығаруға) тағам және жем-шөп үшін өсірілетін картоп пайдаланылады.

11. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіруге (шығаруға) арналған дәнді және бұршақты дақылдар дәндерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар "Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

12. Крахмал-сірне өнімдерін өндіруге (шығаруға) арналған картоп қауіпсіздігіне қойылатын талаптар "Жемістер, көкөністер, түйнекжемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуға тиіс.

13. Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға жауап беретін дән қоспасы жем-шөптік мақсатта пайдаланылады.

14. Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға жауап бермейтін дән мен дән қоспасы техникалық мақсаттағы өнімдерді қайта өңдеу үшін пайдаланылады.

15. Техникалық мақсатқа қайта өңдеуге жарамсыз дән, қалдықтар және зиянды қоспа Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен экологиялық қауіпсіздік жөніндегі заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылады.

16. Мынадай шикізатты пайдалануға жол берілмейді:

1) қауіпсіздігі мен сапасын куәландыратын ілеспе құжаттарды (сәйкестік сертификаты, сапа паспорты) жоқ;

2) " Астық қауіпсіздігіне қойылатын талаптар " және " Жемістер, көкөністер, түйнекжемістілер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің

қауіпсіздігіне қойылатын талаптар " техникалық регламенттерінде келтірілген рұқсат етілген нормалардан тыс мөлшерде ластану тән немесе құрамында органолептикалық көрсеткіштерін нашарлататын заттары бар;

3) бұзылып-бүліну белгілері бар және (немесе) пайдалану мерзімі өткен шикізат (картоп үшін).

5. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

17. Өткізуге арналған ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдеріндегі, крахмалдар мен крахмал өнімдеріндегі улы элементтердің, микотоксиндердің, пестицидтердің, радионуклидтердің, металл магнитті қоспалар мен микробиологиялық көрсеткіштердің рұқсат етілген шекті деңгейлері денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген нормалардан аспауға тиіс.

Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.28 N 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. Өндірісте (дайындауда) пайдаланылатын су "Халыққа арналған ауыз су қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламентінің нормалары мен талаптарының қауіпсіздігіне сәйкес болуға тиіс.

19. Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерімен, крахмалдар мен крахмал өнімдерімен жанасатын материалдар мен олардың жиынтықтары Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалуы қажет және олардың Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган берген қауіпсіздікті куәландыратын құжаты болуға тиіс.

20. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінде тағамдық қоспаларды қолдану осы Техникалық регламенттің 3-қосымшасына сәйкес рұқсат етіледі.

Тағамдық қоспалардың құрамы осы Техникалық регламенттің 3-қосымшасында белгіленген нормалардан аспауы тиіс.

6. Ұн тарту, жарма және крахмал - сірне өнімдерін әзірлеуге қойылатын талаптар

21. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің жаңа түрінің (сұрыбының) жарамдылық мерзімдері санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүргізген зерттеулер нәтижелерімен расталады.

22. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің жаңа түрін (сұрыбын) өндіріске қою Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, белгіленген тәртіппен бекітілген нормативтік және технологиялық құжаттамасы мен өнім өндіруге гигиеналық қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

7. Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар мен крахмал өнімдерінің қауіпсіздігін бағалауға қойылатын талаптар

23. Өнім шығарушы мыналарды:

1) белгіленген сақтау, тасымалдау және өткізу режимдерін сақтай отырып, өнімнің қауіпсіздігі мен сапасының тұрақтылығын;

2) өндіру процесінің бақылау және қауіпті нүктелерін, дайын өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын бағалауды қамтитын бақылау жүйесін;

3) кәсіпорындардың өз зертханалары, сол сияқты белгіленген тәртіппен қызметтің талап етілетін саласында аккредиттелген басқа да зертханалар жүргізе алатын белгіленген кезеңділікті өндірістік бақылауды қамтамасыз етеді.

24. Бақылау сынақтарының теріс нәтижелері болған кезде үлгілер екі еселей алына отырып, өнімге қайтара сынақтар өткізіледі.

Қайтара сынақтардың нәтижелері өнімнің барлық легіне қолданылады.

Егер қайтара сынақтар теріс нәтиже берсе, онда өнім жарамсыз болып танылады. Дайындаушы өнімнің ластану көздері мен себептерін айқындайды және оларды жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

25. Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндіру (дайындау) кезінде қауіпсіздік тәуекелдерін бағалауды ХАССП қағидаттары негізінде жүргізу қажет.

26. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері мен олардың өмірлік циклі кезеңдерінің қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау мынадай жолмен жүзеге асырылады:

1) тағам өндіруге арналған өнімнің адам мен мал ағзасына зиянды әсерін тудыруы мүмкін сипаттамаларды анықтау;

2) анықталған ықтимал қатерлердің әрбірінің адам өміріне әсерін талдау;

3) анықталған қатерлерді шектеудің толымды шараларын айқындау.

27. Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар мен крахмал өнімдерінің қауіпсіздігі тәуекелдерін бағалау әрбір нақты жағдайда, өнімді зертханалық зерттеу барысында қатерлерді кешенді бағалау ретінде жүзеге асырылады.

28. Өнімді әзірлеудің (жасаудың), өндірудің (шығарудың), оның айналымының, кәдеге жаратылуы мен жойылуының барлық (сатыларында) қатерлерді бағалау және оны мейлінше төмендету тәсілдері туралы мәліметтер нормативтік-техникалық құжаттамада қамтылуға тиіс.

Тамақ өнімдерінің жаңа түрлерін әзірлеу (жасау) кезінде тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында көзделген қатерлерге талдау жүргізу міндетті.

29. Қатерлерді еңсеру қатерді бағалау нәтижелеріне, сондай-ақ адам денсаулығына ықтимал зиянды әсердің алдын алу қағидасына негізделуге тиіс.

8. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіру (шығару) процестерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

30. Жобалау сатысында әзірленген және келісілген ұйымдастыру, инженерлік және техникалық іс-шаралар технологияларының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар өндірісті (дайындауды) ұйымдастыру сатысында, сондай-ақ өндірістік циклдің барлық сатыларында: ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау, өткізу кезінде, сондай-ақ астық пен картопты қайта өңдеудің жанама өнімдерін, түзілетін қалдықтар мен белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өнімдерді пайдалану, қайта өңдеу немесе кәдеге жарату кезінде жүзеге асырылады және бақыланады.

31. Шикізат қабылдаудың, сақтаудың, дайындаудың және қайта өңдеудің әрі ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін сақтаудың барлық процестері, объектілердің қуатына қарамастан, тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) қауіпсіздігі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың тазалығы және ластану мен бүлінуден, олардың арасына көлденең нәрселер мен заттардың түсіп кетуінен қорғалуы жағдайында жүргізілуіне тиіс.

32. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіру (дайындау) кезінде магниттік тосқауылдар сепараторлардың, тазартқыш, ысқышты, жуу машиналарының, триерлердің, үдемелі ылғалдандыру шнектерінің және дәнді сулап қауызынан айыруға арналған машиналардың, көлем мөлшерлегіштердің, білікті станоктардың, ұсатқыштардың, түйгіш, дән бастыру, жылтыратқыш, қауыздағыш машиналардың, энтолейторлардың және соққымен әрекет ететін басқа да машиналардың алдында, сондай-ақ дайын өнімдер мен жем-шөптік астық өнімдерінің бақылауында орнатылуға тиіс.

33. Үй-жайларды, жабдықтарды, мүкәммалды, ыдыстарды, көлік құралдарын жуу мен дезинфекциялау осы Техникалық регламентте белгіленген қауіпсіздік жөніндегі талаптарға сәйкес келетін өнім өндіру (дайындау) мен оның айналымын қамтамасыз етуге және дайын өнімнің екінші қайтара ластану мүмкіндігін болдырмауға тиіс.

34. Жуу мен дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасында қолданылуға рұқсат етілген жуғыш және дезинфекциялаушы құралдар пайдаланылады.

35. Дезинсекциялау, газдандыру, дегазациялау, дератизациялау, улы еліктіргіш жемді дайындау, улы заттарды тасымалдау, қабылдау, сақтау және қолға беру, улы химикаттармен ластанған жеке қорғаныш құралдарын, дезинсекциялау машиналарын, көлік құралдарын, ыдыстарды, улы химикаттар төгілген жерлерді зарарсыздандыру, сондай-ақ жарамсыз болып қалған улы заттарды жою жөніндегі барлық жұмыстар бұл жұмыстарды жүргізуге берілетін тиісті лицензия бар болған кезде Қазақстан Республикасындағы халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті

органдармен келісілген салада қолданыстағы арнаулы нұсқаулықтарға, әдістемелік нұсқаулар мен ережелерге қатаң сәйкестікте жүзеге асыруға тиіс.

9. Өндірістік үй-жайларға қойылатын талаптар

36. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіруге (дайындау) арналған өндірістік және қойма үй-жайлары халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс.

37. Өндірістік үй-жайлар:

1) тамақ өнімдерінің ластану қатері жоғары деңгейдегі экологиялық ластанған аудандар мен өнеркәсіптік өндірістерден;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган талаптарына сәйкес қауіпсіздік шаралары қамтамасыз етілмеген болса, су тасқынына ұшырап отыратын аудандардан;

3) паразиттермен зақымдануға бейім аудандардан;

4) қатты және сұйық қалдықтарды тиімді кәдеге жарату мүмкіндігі жоқ аудандардан аулақ жерде орын тебуге тиіс.

38. Кәсіпорындарда өндірістік цехтардың, учаскелердің, бөлімшелердің, қосалқы, қойма үй-жайларының жоспары технологиялық процестердің бірізділігіне, шикізаттың, дайындалатын өнімнің қауіпсіздігіне, жинап-тазалаудың, жуу мен дезинфекциялаудың сапасына санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс. Өндірістік үй-жайларда технологиялық жабдықтарды орналастыру шикізат пен дайын өнімнің бір-бірімен қиғаш өтетін ағындарын болдырмауға тиіс.

39. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардың өндірістік үй-жайларының жұмыс аймағындағы ауа ортасының санитарлық-эпидемиологиялық шарттары Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданыстағы талаптарына жауап беруге тиіс.

Жұмыс аймағындағы ауада зиянды заттардың құрамы осы Техникалық регламенттің 4-қосымшасында келтірілген белгіленген шекті рұқсат етілетін концентрациядан аспауға тиіс.

40. Барлық өндірістік және қосалқы үй-жайларда табиғи, мәжбүрлі және аралас желдеткіштер болуға тиіс.

41. Дайын өнімді қаптарға жөңкітуге және пакеттерге бөліп салуға арналған үй-жайлар басқа өндірістік және қойма үй-жайларынан оқшаулатылуға тиіс.

42. Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін сақтауға арналған қойма үй-жайлары мен ыдыстар атмосфералық және жерасты суларынан оқшаулатылуға тиіс.

10. Жабдыққа және метрологиялық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

43. Ұн тарту-жарма және крахмал-сірне өнеркәсібіне арналған құрал-жабдық:

- 1) Қазақстан Республикасы халқының санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган тамақ өнімдерімен жанасуы үшін рұқсат еткен материалдардан жасалған;

- 2) қауіпсіз өнім өндіруді (дайындауды) қамтамасыз ету;

- 3) белгіленген талаптарға сәйкестігін қуаттау рәсімінен өткен болу керек.

44. Жабдықтардың конструкциясы:

- 1) құрал-жабдықты жөндеу, санитариялық өңдеу және оған қызмет көрсету үшін оларға еркін қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

- 2) жағар майлардың шикізат пен дайын өнімге түсіп кету мүмкіндігін болдырмауға;

- 3) құрастырушы бірліктердің, тараптардың, детальдардың өнімге түсіп кету мүмкіндігін болдырмайтын етіп сенімді бекітілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Өнімдермен жанасу аймағында қолданылатын конструкциялық материалдар тотық шалуға төзімді болуға, өнімді ластайтын немесе оның дәміне, иісі мен түсіне әсер ететін қоспаларды түзбеуге, үстіңгі беттері жуғыш және дезинфекциялайтын ерітінділердің әсеріне төтеп беретіндей тегіс және түзу болуға тиіс.

45. Технологиялық процестердің параметрлерін өлшеу мен бақылауда қолданылатын құралдарды тексеру техникалық реттеу және метрология жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тізбе мен кезеңділікке, сондай-ақ өлшеу құралдарын тексеруді өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін дайындаушы барлық технологиялық процесс бойынша өлшеу құралдарының жарамдылығын бақылауды қамтамасыз етуге тиіс.

11. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін сақтау жөніндегі талаптар

46. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін сақтау экологиялық, құрылыс, өрт қауіпсіздігі және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беретін қойма үй-жайларында, тамақ өнімінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін және оның жолай ластану мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда жүзеге асырылады.

47. Дайын өнімді қоймада орналастыру мен сақтау олардың әрбір түрі, сорты және ұраланған күні бойынша жеке жүргізіледі.

Зиянкестермен (жәндіктер мен кеміргіштер) зақымданған және зақымданбаған өнімдерді бір қоймада сақтауға жол берілмейді.

Шикізат пен ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін сақтауға арналған үй-жайда ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін өндіруге қатысы жоқ тағамдық емес материалдарды, қалдықтарды, тамақ өнімдері мен шикізатты бірге сақтауға үзілді-кесілді жол берілмейді.

48. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін сақтау тамақ өнімінің нақты түріне арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес олардың сапасы мен қауіпсіздігінің сақталуын қамтамасыз ететін белгіленген температуралық режимдер жағдайында жүзеге асырылуға тиіс.

49. Ұн тарту-жарма және крахмал-сірне өнеркәсібінің сусымалы өнімдерін белгіленген тәртіппен бекітілген санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды сақтай отырып, құрғақ, жақсы желдетілетін, зиянкестермен (жәндіктер мен кеміргіштер) зақымданбаған қоймаларда сақтайды.

Қоюлатылған крахмал өнімдерін (сірне, шырындар, жасыл сірне), сондай-ақ қоюлатылған жүгері сіріндісі ерекше сақтау шарттарын талап етпейді.

50. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің сақталу мерзімі мен жарамдылығын пайдаланылған шикізат пен тағамдық қоспалардың қауіпсіздігі мен сапалық көрсеткіштерін, өндірістің технологиялық режимдерін, буып-түю материалдарын ескере отырып, санитарлық-эпидемиологиялық қызмет жүргізген зерттеулер негізінде дайындаушы белгілейді.

Өнімді дайындаушы өзі белгілеген жарамдылық мерзімі ішінде өзі көрсеткен сақтау, тасымалдау, өткізу және қолдану шарттарын сақтаған жағдайда өнімнің қауіпсіздігі үшін жауап береді.

12. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін буып-түюге қойылатын талаптар

51. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін қаптау буып-түю өнім айналысының барлық кезеңдерінде оның сапасының сақталуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тиіс.

52. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін буып-түю "Буып-түюге, таңбалауға, этикеткалауға және оларды дұрыс жазуға қойылатын талаптар" техникалық регламентіне сәйкес болуы тиіс.

13. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін таңбалауға қойылатын талаптар

53. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін таңбалау "Буып-түюге, таңбалауға, этикеткалауға және оларды дұрыс жазуға қойылатын талаптар"

техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуға тиіс, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылуға, сенімді болуға, тұтынушыны адастырмауға әрі өнімнің құрамы мен қасиеттері туралы қате түсінік туғызбауға тиіс.

54. Өнімді экспорттау кезінде таңбалау шетелдік өнім алушының талаптарына сәйкес шет тілінде жазылады.

55. Таңбалау тікелей тұтынушылық, топтамалық немесе тасымалдау бумасына (ыдысқа) немесе оларға бекітілетін (ілінетін) заттаңбаға немесе этикеткаларға, олардың жоғалуын болдырмайтын тәсілдермен немесе тиісті ілеспе құжаттарға жасалады.

Ақпарат кез келген тәсілмен жазылады және анық әрі жеңіл оқылуға тиіс.

56. Өніммен жанасатын ақпаратты жазу құралдары оның сапасына әсер етпеуге тиіс, өнімді сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде таңбалаудың өшіп қалмауын қамтамасыз етуге тиіс.

14. Нарықтағы сәйкестік белгісі

57. Осы Техникалық регламентте көзделген тәртіппен сәйкестігі расталған ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері нарықта сәйкестік белгісімен таңбаланады.

58. Нарықта өнімді сәйкестік белгісімен таңбалауды сәйкестік туралы сертификат немесе декларация негізінде дайындаушы (сатушы) жүргізеді.

59. Нарықта өнімді сәйкестік белгісімен таңбалауды оның анық бейнеленуін қамтамасыз ететін тәсілдермен жүзеге асырған жөн. Белгіні бейнелеуді тасқа басу, граверлеу, таңбалау арқылы немесе басқа тәсілмен орындауға болады.

15. Тасымалдауға қойылатын талаптар

60. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін дайындаушы (сатушы) оларды тасымалдауды тамақ өнімінің ластануы мен бүлінуі қаупін болдырмауды қамтамасыз ететін жағдайларда қамтамасыз етеді.

61. Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін тасымалдау және олардың айналымы Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Егер ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін тасымалдау, сақтау және өткізу кезінде қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарынан шегінуге жол беріліп, бұл олардың қауіпсіздігін төмендетуге әкелген жағдайда, онда мұндай өнімдер өткізілуге жатпайды, сараптамаға жіберіледі және оның нәтижелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Техникалық регламентте белгіленген тәртіппен кәдеге жаратылады.

62. Өнімдерді улы, сәулеленуге ұшыраған тамақ өнімдері, радиоактивтік заттар мен ащы иіс шығаратын жүктер тасымалданған көлік құралдарымен, сондай-ақ ерекше иістері бар өнімдермен бірге тасымалдауға жол берілмейді.

Өнімді тиеу, тасымалдау және түсіру кезінде оны атмосфералық жауын-шашыннан, ылғалдан сақтау қажет.

63. Тасымалданатын тамақ өнімдерінде олардың шығарылу тегін, қауіпсіздігін, сақталу шарттары мен сақталу мерзімін растайтын ілеспе құжаттар болуға тиіс.

16. Өнімді базарда сатуға және орналастыруға қойылатын талаптар

64. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін базарда орналастыру мен өткізуді жүзеге асыратын субъектілер өнімнің нақты түрлеріне арналған нормативтік құжаттарға сәйкес өнімді қабылдау, бақылау, сәйкестендіру және сақтау мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін қажетті үй-жайлар мен жағдайларға ие болуға тиіс.

65. Өнімді өткізу заңнамаға және сауда саласындағы ережелерге сәйкес өнімнің адамдардың өмірі мен денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпсіздігін қамтамасыз ететін санитарлық-гигиеналық нормативтерді сақтай отырып жүзеге асырылуға тиіс.

Қауіпсіздік бойынша өткізілетін өнім осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес болуға тиіс, қосымша талаптар келісім-шартта (шартта) жазылуы мүмкін. Келісім-шартта (шартта) өнімнің осы тобына заңнамада белгіленген көрсеткіштермен салыстырғанда өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне неғұрлым жоғары талаптар көзделуі мүмкін.

66. Қауіпсіз, бірақ сапасы жағынан келісім-шартта (шарта) көрсетілгеннен төмен өнім берілген кезде сатып алушы өнімнің қайта таңбалануы шартымен оны сапасы, санаты, класы, сұрыбы бойынша тиісінше төмен өнім ретінде қабылдауға құқылы.

67. Өнімді өткізу кезінде дайындаушы белгілеген сақтау шарттары сақталуға тиіс.

68. Осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келмейтін, сақтау және жарамдылық мерзімдері өтіп кеткен, сапасыздық белгілері бар, осы Техникалық регламенттің талаптарын бұза отырып таңбаланған, белгіленген нысандағы ілеспе құжаттары жоқ өнім өткізуге жіберілмейді.

69. Өнімді сатып алушылар мен тұтынушылар өз қауіпсіздігі мақсатында өнімді таңбалауда жазылған талаптарға сәйкес пайдалану мен тұтыну жөніндегі дайындаушының (сатушының) ұсынымдарын сақтауға тиіс.

Өнімнің бүлінгендігі байқалған кезде оны сатуды жүзеге асыратын субъектілер оны сатудан алып тастайды, тұтынушыдан кері қайтарып алады, сараптамаға жібереді, қажет болған жағдайда оны кәдеге асыруды немесе жоюды қамтамасыз етеді.

17. Сапасыз және адам өмірі мен денсаулығына қауіпті ұн-тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін кәдеге жарату мен жою жөніндегі талаптар

70. Мынадай сапасыз және адам өмірі мен денсаулығына:

- 1) осы Техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін;
- 2) айқын сапасыздық белгілері бар;
- 3) өнімнің шығу тегін, сапасы мен қауіпсіздігін растайтын дайындаушы (берушінің) құжаттары жоқ;
- 4) жарамдылығы немесе сақталу мерзімі белгіленбеген немесе өтіп кеткен ұн-тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері сапасыз және адам өмірі мен денсаулығына қауіпті болып танылады.

71. Сапасыз және қауіпті деп танылған ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері аккредиттелген зертханада қосымша сараптама жүргізіле отырып, сатудан алынып тасталуға тиіс. Сараптаманың нәтижелері бойынша оларды пайдалануға, кәдеге жаратуға немесе жоюға жіберу туралы шешім қабылдануға тиіс.

72. Сапасыз әрі қауіпті ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері сараптама жүргізу, оларды әрі қарай пайдалану немесе жою туралы шешім қабылдау және орындау үшін қажетті кезеңге оларға қол жеткізуді болдырмау шарттарын сақтай отырып жеке үй-жайларда сақталуға жатады.

73. Тасымалдауға, сақтауға, сараптама жасауға, кәдеге жаратуға немесе жоюға байланысты барлық шығыстарды дайындаушы (сатушы) төлейді.

74. Сапасыз және қауіпті ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін кәдеге жарату немесе жою кез келген техникалық қолжетімді тәсіл арқылы мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бақылауымен, санитарлық-гигиеналық және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

75. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін кәдеге жарату немесе жою осы Техникалық регламентке сәйкес кәдеге жаратылуы немесе жойылуы фактісін растайтын құжат арқылы ресімделеді.

76. Мақсатқа сәйкес пайдалануға жарамсыз деп танылған ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін кәдеге жарату тәртібі:

- 1) сараптама жүргізу үшін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдардың

өкілдері дайындаушының (сатушының) қатысуымен ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің сынамаларын (үлгілерін) іріктеп алады;

2) сынамалар (үлгілер) мөрленеді және зерттеулер жүргізу үшін аккредиттелген зертханаға жіберіледі;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін дайындаушының (сатушының) өкілдерінен тұратын комиссия сынамаларды (үлгілерді) зерттеуден алынған нәтижелер негізінде өнімді мақсатты пайдалануға жарамсыз деп таниды және ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімін жемдік немесе техникалық мақсаттарға пайдалану туралы шешім қабылдайды. Комиссия шешімі осы Техникалық регламенттің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша актімен ресімделеді, оған комиссияның барлық мүшелері мен дайындаушы (сатушы) қол қояды.

77. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін жою тәртібі:

1) дайындаушы (сатушы) ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімінің осы Техникалық регламентте белгіленген қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігін анықтаған жағдайда немесе уәкілетті органның ұйғарымы негізінде дайындаушы (сатушы) жүргізілетін қызметіне сәйкес оны ішкі сауда объектілерінен кері қайтарып алуды қамтамасыз етеді және қауіпті тамақ өнімін өндірудің (дайындаудың), айналымы немесе кәдеге жаратудың бір немесе бірнеше процестерін тоқтатады;

2) сараптама нәтижелері бойынша халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органдардың, сондай-ақ ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін дайындаушының (сатушының) өкілдерінен тұратын комиссия өнімді жоюға акт жасайды, онда мыналар көрсетіледі:

актінің жасалған күні мен орны, ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімі тиесілі кәсіпорынның - дайындаушының (сатушының) атауы;

жойылуға тиіс ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімінің түрі (сорты) мен мөлшері;

өнім адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті деп танылған көрсеткіштер;

жою тәсілі, мерзімі мен орны;

комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты;

3) актінің негізінде комиссия қауіпті ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімін оқшаулау және сақталуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар және оны жою немесе көміп тастау туралы шешім қабылдайды;

4) шешім қабылдау алдында комиссия дайындаушының (сатушының) өтініші бойынша жарамсыз деп танылған ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдеріне

тіркеуден өткен аккредиттелген зертханада бақылау сынағын қайта өткізуі мүмкін;

5) адамдар мен мал жануарлары үшін қауіпті ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері жоюдың алдында немесе жою процесінде (сатысын) Қазақстан Республикасының халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органының талаптарына сәйкес зарарсыздандырылады;

6) ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін жою процесін (сатысын) комиссия мүшелерінің міндетті түрде қатысуымен дайындаушы (сатушы) атқарады;

7) адам өмірі мен денсаулығына қауіпті ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің зарарсыздандырылуы мен жойылу фактісі осы Техникалық регламенттің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша актімен ресімделіп, оған комиссияның барлық мүшелері мен дайындаушы (сатушы) қол қояды;

8) адам өмірі мен денсаулығына қауіпті ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерін жою мен көміп тастау кезінде осы мақсаттарға көзделген жерлерде ауа бассейнінің, топырақтың, жер асты сулары мен жер үсті суларының ластануын болдырмау үшін комиссияда мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы мен табиғат қорғау органдарының оң шешімі болуға тиіс.

18. Сәйкестікті растау

78. Үйлестірілген стандарттарға сәйкес келетін ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдері, олардың өмірлік циклінің процестері осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келеді деп есептеледі.

Үйлестірілген стандарттардың тізбесін мүдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша техникалық реттеу саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

79. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімдерінің осы Техникалық регламенттің талаптарына сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ұн тарту, жарма өнеркәсібі, крахмалдар мен крахмал-сірне өнімдерінің сәйкестігін растау рәсімі осы Техникалық регламенттің 7-қосымшасында келтірілген.

19. Үйлестірілген стандарттардың тізбесі

Ескерту. 19-бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.04.28 N 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

өнімдерінің, крахмалдар мен
крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентке
қосымша

Осы Техникалық регламент қолданылуы және орындалуы үшін міндетті қауіпсіздік талаптарын белгілейтін техникалық реттеу объектілерінің тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.04.28 N 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

р/с №	Позицияның атауы	КО СЭҚ ТН коды
1	2	3
1	Ұнтақталған күріш	1006 40 000 0
2	бидай немесе қара бидай ұны:	1101 00
3	- бидай ұны:	
4	- - қатты бидайдан алынған ұн	1101 00 110 0
5	- - жұмсақ бидайдан және спельтадан алынған ұн	1101 00 150 0
6	- қара бидайдан алынған ұн	1101 00 900 0
7	Бидай немесе қара бидайдан басқа өзге де астық тұқымдастар дәндерінен алынған ұн:	1102
8	- қара бидай ұны	1102 10 000 0
9	- жүгері ұны:	1102 20
10	- - құрамындағы майлылығы 1,5 мас %-дан аспайтын	1102 20 100 0

11	-- өзгелері	1102 20 900 0
12	- өзгелері:	1102 90
13	-- арпа ұны	1102 90 100 0
14	-- сұлы ұны	1102 90 300 0
15	- күріш ұны	1102 90 500 0
16	-- өзгелері:	1102 90 900
17	--- дәндік құмай	1102 90 900 1
18	--- өзгелері	1102 90 900 9
19	Жарма, ірі тартылған ұн және астық тұқымдастар дәндерінен алынған түйіршіктер:	1103
20	- ірі тартылған жарма мен ұн	
21	-- бидайдан:	1103 11
22	--- қатты бидайдан	1103 11 100 0
23	--- жұмсақ бидайдан және спельтадан	1103 11 900 0
24	-- жүгеріден:	1103 13
25	--- құрамындағы майлылығы 1,5 мас.%-дан аспайтын	1103 13 100 0
		1103 13

26	--- өзгелері	900 0
27	-- өзге де астық тұқымдастар дәндерінен:	1103 19
28	--- кара бидайдан	1103 19 100 0
29	--- арпадан	1103 19 300 0
30	--- сұлыдан	1103 19 400 0
31	--- күріштен	1103 19 500 0
32	--- өзгелері,;	1103 19 900
33	---- дәндік құмайдан	1103 19 900 1
34	---- өзгелері	1103 19 900 9
35	- түйіршіктер:	1103 20
36	-- кара бидайдан	1103 20 100 0
37	-- арпадан	1103 20 200 0
38	-- сұлыдан	1103 20 300 0
39	-- жүгеріден	1103 20 400 0

40	-- күріштен	1103 20 500 0
41	-- бидайдан	1103 20 600 0
42	-- өзгелері	1103 20 900 0
43	1006 тауар позициясындағы күрішті қоспағанда, басқа да тәсілдермен өңделген астық тұқымдастар дәндері (мысалы, дән жармасы түріндегі немесе сатылған, қабығынан аршылған, жанышталған, үлпектерге қайта өңделген); тұтас, жанышталған, үлпек түріндегі немесе астырылған астық тұқымдастар дәнінің ұрықтары	1104
44	- жанышталған немесе үлпектерге қайта өңделген дән:	
45	-- сұлы:	1104 12
46	--- жанышталған	1104 12 100 0
47	--- үлпектерге қайта өңделген	1104 12 900 0
48	-- өзге дәндер:	1104 19
49	--- бидай	1104 19 100 0
50	--- кара бидай	1104 19 300 0
51	--- жүгері	1104 19 500 0
52	--- арпа:	
53	---- жанышталған	1104 19 610 0
54	---- үлпектерге қайта өңделген	1104 19 690 0

55	--- өзгелері:	
56	---- күріш үлпектер	1104 19 910 0
57	---- өзгелері	1104 19 990 0
58	- өзге де өңделген дән (мысалы, қабығы аршылған, дән жармасы немесе бөлшектелген түрде талқандалған):	
59	-- сұлы:	1104 22
60	--- қабығы аршылған	1104 22 200 0
61	--- қабығы аршылған және дән жармасына өңделген немесе бөлшектелген	1104 22 300 0
62	--- талқандалған	1104 22 500 0
63	--- қандай да бір өзгеше өңдеусіз бөлшектелген	1104 22 900 0
64	--- өзгелері	1104 22 980 0
65	-- жүгері:	1104 23
66	- - - қабығы аршылған, дән жармасына өңделген немесе өңделмеген, бөлшектелген немесе бөлшектелмеген	1104 23 100 0
67	--- талқандалған	1104 23 300 0
68	--- қандай да бір өзгеше өңдеусіз бөлшектелген	1104 23 900 0
69	--- өзгелері	1104 23

		990 0
70	-- өзге де астық тұқымдастар:	1104 29
71	---- арпа:	
72	----- қабығы аршылған	1104 29 010 0
73	----- қабығы аршылған және дән жармасына өңделген немесе бөлшектелген (Grutze немесе grutten")	1104 29 030 0
74	----- талқандалған	1104 29 050 0
75	----- қандай да бір өзгеше өңдеусіз бөлшектелген	1104 29 070 0
76	----- өзгелері	1104 29 090 0
77	---- өзгелері:	
78	----- қабығы аршылған, дән жармасына өңделген немесе өңделмеген, бөлшектелген немесе бөшектелмеген:	
79	----- бидай	1104 29 110 0
80	----- өзгелері	1104 29 180 0
81	----- талқандалған	1104 29 300 0
82	----- қандай да бір өзгеше өңдеусіз бөлшектелген:	
83	----- бидай	1104 29 510 0
84	----- кара бидай	1104 29 550 0

85	----- өзгелері	1104 29 590 0
86	---- өзгелері:	
87	----- бидай	1104 29 810 0
88	----- кара бидай	1104 29 850 0
89	----- өзгелері	1104 29 890 0
90	- тұтас, жанышталған, үлпек түріндегі немесе бастырылған астық тұқымдастар дәнінің ұрықтары	1104 30
91	-- бидай	1104 30 100 0
92	-- басқа да астық тұқымдастар	1104 30 900 0
93	Майда немесе ірі тартылған ұн, ұнтақ, үлпек, картоп түйіршіктер:	1105
94	- майда және ірі тартылған ұн және ұнтақ	1105 10 000 0
95	- үлпектер және түйіршіктер	1105 20 000 0
96	Майда немесе ірі тартылған ұн және 0713 тауар позициясындағы кептірілген бұршаққап көкөністерінен, саго пальмасының өзегінен, 0714 тауар позициясындағы түйнек тамырлардан немесе жем тамырлардан немесе 8-топтың өнімдерінен алынған ұнтақ:	1106
97	- 0713 тауар позициясындағы кептірілген бұршаққап көкөністерден	1106 10 000 0
98	- 0714 тауар позициясындағы саго пальмасының өзегінен, түйнек тамырлардан немесе жемдік тамырлардан:	1106 20
99	-- затсыздандырылған	1106 20 100 0

100	-- өзгелері	1106 20 900 0
101	- 08-топтың өнімдерінен:	1106 30
102	-- банандардан	1106 30 100 0
103	-- өзгелері	1106 30 900 0
104	Қуырылған немесе қуырылмаған мия:	1107
105	- қуырылмаған:	1107 10
106	-- бидайдан:	
107	--- ұн түрінде	1107 10 110 0
108	--- өзгелері	1107 10 190 0
109	-- өзгелері:	
110	--- ұн түрінде	1107 10 910 0
111	--- өзгелері	1107 10 990 0
112	- қуырылған	1107 20 000 0
113	Крахмал; инулин:	1108
114	- крахмал:	
115	-- бидайдың	1108 11 000 0
116	-- жүгерінің	1108 12 000 0

117	-- картоптың	1108 13 000 0
118	-- маниоктің	1108 14 000 0
119	-- өзгелері:	1108 19
120	--- күріштің	1108 19 100 0
121	--- өзгелері	1108 19 900 0
122	- инулин	1108 20 000 0
123	кұрғақ немесе дымқыл бидай дәнінің маңызы	1109 00 000 0

"Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі
өнімдерінің, крахмалдар және
крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
2-қосымша

Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар және крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.04.28 N 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі
өнімдерінің, крахмалдар және
крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
3-қосымша

Тағамдық қоспалар құрамының рұқсат етілетін деңгейлері

--	--	--

Өнім түрлері	Көрсеткіштер	Рұқсат етілетін деңгейлер, мг/кг, аспайды
1	2	3
Ұн	<ul style="list-style-type: none"> - кальций тотығы E 930 - натрий тиосульфаты E 539 - цистеин және оның натрий мен калий тұздары E 920 - азодикарбономид - E 927a - диоксид хлориндері - протеаза (Asperigillus oryzae var.) - E 1101 протеазалар - сульфиттер - альфа-амилаза (Asperigillus oryzae var.) - E 1100 - амилазалар 	<ul style="list-style-type: none"> 2 0 5 0 2 0 0 4 5 2 5 0 0 G M P * 2 0 0 GMP
Бидай ұны	<ul style="list-style-type: none"> - кальций ацетаты E 263 - Ферменттер (энзимдер): - амилазикалық - E 1100 амилазалар - протеолитикалық - E 1101 протеазалар - Ұнды өңдеу кезіндегі заттар: - аскорбин қышқылы E 300 - E 301, E 302 аскорбин қышқылының калий және натрий тұздары - E 920 L-цистеин және оның гидрохлоридінің натрий мен калий тұздары - күкірт диоксиді E 220 (тоқаш пен қамыр жасауға ғана арналған ұнда) - кальций фосфаты E 341 - лецитин E 322 - фосфатидил қышқылының аммоний тұздары E 442 - модифицирленген крахмалдар - нан-тоқаш өнімдері үшін ашытқыларды көтеруге арналған хлор диоксид E 926 - бензоил тотығы - ашыған қамырға арналған азобикарбономид E 927a 	<ul style="list-style-type: none"> 3 0 0 G M P G M P 3 0 0 техникалық құжаттамаларға (ТҚ) сәйкес 9 0 2 0 0 2 5 0 0 2 0 0 0 T Қ сәйкес T Қ сәйкес 3 0 6 0 45
Ақуызды бидай өнімдері, соның		<ul style="list-style-type: none"> Өміршең және өлі бидай дәнмаңызы мен ерітілетін ақуыздарда ешқандай тағамдық

ішінде бидай дәнмаңызы		қоспаларға етілмейді	рұқсат
Бүтін, түйілген немесе бидай үпелекте- рі, күріш- ті қоса алғанда	- "тағамдық" вазелин майы Е 9 0 5 а - пропилгаллат Е 310	8 0 0 100	
Түйілген тарыдан алынған ұн -жармашық		Өнім өткізілетін елдің заңнамасына сәйкес келуге тиіс	
Таңғы асқа арналған ботқалар, геркулесті қоса алғанда	- күрделі эфирлер - бутилгидроксианизол Е 320 - бутилгидрокситолуол Е 321 - жылтыр көк FCF Е 133 - қантты колері Е 150с - қантты колері Е 150d - карминдер Е 120 - өсімдіктен алынған каро- тиндер Е 160а ii - темір тотықтары Е 172 - пропилгаллат Е 310 - рибофлавиндер Е 101	2 0 0 2 0 0 1 0 0 2 0 0 6 5 0 0 2 5 0 0 2 0 0 4 0 0 7 5 2 0 0 300	
Крахмал	- күкірт диоксиді жалпы Е 2 2 0 - сульфиттер - амилазалар Е 1100	1 0 0 5 0 GMP	
Кристалды глюкоза	- глюкэндомикопсин Г15х	негізгі шикізат массасына 0,4 - 0,6%	

Ескертпе: *GOOD MANUFACTURING PRACTICE (GMP) - Өнім өндірудің үлкен тәжірибесі. Барлық тағамдық қоспалар жақсы өнім өндіру жағдайында қолданылуға тиіс, ол өзі мыналарды қамтиды:

1. Тағамдық қоспалардың мөлшері талап етілетін әсерге қол жеткізу үшін мейлінше азайтылуға тиіс.

2. Оны өндірісте пайдалану, өңдеу немесе өнімді буып-түю нәтижесінде өнімнің құрамдас бөліктерінің біріне айналатын, сондай-ақ өнімнің физикалық және басқа техникалық қасиеттеріне әсер етпейтін тағамдық қоспаның мөлшері ұтымды кемітілуге тиіс.

3. Тағам қоспасының сапасы өнімнің сапасына сәйкес болуға тиіс. Ол өнімнің басқа да ингредиенттері тәрізді дайындалады және пайдаланылады.

"Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі
өнімдерінің, крахмалдар және
крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне

**Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне кәсіпорындарының
жұмыс аймағының ауасында зиянды заттардың шекті
рұқсат етілген шоғырлануы**

P/cN	Заттардың атауы	ШРШ шамасы, мг/м ³ аспайды
1	2	3
1	Астық шаңы (кремний қос тотықтарының құрамына қарамастан)	4,0
2	Өсімдіктерден және жануарлардан шығатын шаң:	
	кремний қос тотықтарының қоспасы 10%-дан астам (мақта, мақта-мата, ағаш және басқалары)	2,0
	кремний қос тотықтарының қоспасы 2-ден 10%-ға дейін	4,0
	кремний қос тотықтарының қоспасы 2%-дан азырақ (ұн, мақта-мата, ағаш және басқалары)	6,0
3	Темір тотығы	6,0
4	Мырыш магниді	6,0
5	Марганец (марганец қос тотығына қайта есептегенде)	
	дезинтеграциялау аэрозолі	0,3
	дәнекерлеу аэрозольдеріндегі марганец құрамы: 20%-ға дейін болғанда	0,2
	20-дан 30-% дейін	0,1
6	Кобальт тотығы	0,5
7	Окситетрациклин	0,1
8	Тетрациклин	0,1
9	Бромды метил	1,0
10	Металлил	0,3
11	Фосфин	0,1
12	Дихлорэтан	10,0
13	Метитион	0,1
14	Волатон	0,1
15	Карбофос	0,5
16	Аммиак	20,0
17	2	3
18	Бром	0,5

200_ж. " _ " _____

Т.А.Ә.
"Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі
өнімдерінің, крахмалдар және
крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
6-қосымша

Өнімді жою туралы

АКТ

Құрамы _____

(Т.А.Ә. лауазымы)

тұратын комиссия _____

(өнімнің атауы, мөлшері)

(тәсілін көрсету)

жоюды жүргізді.

Негіз _____

(өнімнің ақауы бар деп танылған)

құжатты (нөмірін) көрсету)

Комиссия мүшелерінің

қолдары

200_ж. " _ " _____

Т.А.Ә.

Дайындаушының (сатушының)

қолы

200_ж. " _ " _____

Т.А.Ә.

"Ұн тартатын-жарма өнеркәсібі
өнімдерінің, крахмалдар және
крахмал өнімдерінің қауіпсіздігіне
қойылатын талаптар"
техникалық регламентіне
7-қосымша

**Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмалдар және крахмал
өнімдерінің сәйкестігін растайтын ұсынылатын рәсімдер**

**Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.07.2013 № 735
қаулысымен.**

Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар және крахмал өнімдерін сәйкестендіру, оларды аккредиттелген зертханаларда сынау нәтижелері, ал сериялық өндіріс үшін оларды өндірудің жай-күйін талдау нәтижелері де сәйкестігін қуаттау үшін негіз болып табылады.

Сәйкестігі осы Техникалық регламенттің талаптарымен расталған өнімге белгіленген тәртіппен таңдап алынған схемаға сай, бірақ үш жылдан аспайтын қолданылу мерзімі бар сәйкестік белгісімен таңбалану құқығымен сәйкестік сертификаты беріледі.

Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар және крахмал өнімдерінің сәйкестігін міндетті растау жүргізілген кезде халықаралық стандарттар қағидаттары негізінде іске асырылған өндіріс сапасын басқару жүйелерінің болуы ескеріледі.

Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжат, егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес оның мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде танылуы шартымен Қазақстан Республикасында жарамды болып саналады.

Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерінің, крахмалдар мен крахмал өнімдерінің сәйкестігін растауды жүргізу рәсімдері қолданыстағы ұлттық стандарттарға сәйкес жүргізіледі және бес кезеңді қамтиды:

- 1) сертификаттауға арналған өтінім;
- 2) сертификаттау объектісінің белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау;
- 3) сәйкестікті бағалау нәтижелерін талдау;
- 4) сертификаттау жөніндегі шешім;
- 5) сертификатталған объектіге инспекциялық бақылау.

Ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмалдар және крахмал өнімдерінің сәйкестігін міндетті растау схемалары мыналар:

1) 1-схема - өткізу көлемі шектеулі, күнібұрын келісілген ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар және крахмал өнімдерін отандық өндірушілер үшін қолданылады;

2) 2-схема - өткізу саласында іріктеліп алынған үлгілерге сынақтар жүргізу арқылы инспекциялық тексеруді орындай отырып, тұрақты ұзақ мерзімді өнім беру кезінде отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар мен крахмал өнімдерін өндірушілер үшін қолданылады;

3) 3-схема - дайындаушыдан іріктеліп алынған үлгілерге сынақтар жүргізу арқылы инспекциялық тексеруді орындай отырып, отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдерін, крахмалдар және крахмал өнімдерін өндірушілер үшін қолданылады;

4) 4-схема - оның сипаттамаларының тұрақтылығына жан-жақты бақылау қажет болған кезде отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмал және крахмалдар өнімдері үшін қолданылады;

5) 5-схема - сипаттамалардың тұрақтылығына көтеріңкі талаптар белгіленгенде астықты сертификациялау кезінде отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмалдар мен крахмал өнімдері үшін қолданылады;

6) 7-схема - партияларымен берген кезде отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмал және крахмалдар өнімдері, астық үшін қолданылады;

7) 9-схема - өтініш берушіде олардың қауіпсіздігін растайтын қажетті құжаттар болған жағдайларда партияларымен берген кезде отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмалдар және крахмал өнімдері үшін қолданылады;

8) 10-схема - өтініш беруші шығарылатын өнімнің қауіпсіздігін растайтын құжаттарды табыс ете алатын жағдайларда, ұдайы шығарылмаған немесе ұзақ уақыт шағын көлемде өндірілген кезде отандық немесе импортталатын ұн тарту-жарма өнеркәсібі өнімдері, крахмалдар және крахмал өнімдері үшін қолданылады.